

"Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 акпандағы № 14 бүйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 31 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 сәуірде № 20504 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 акпандағы № 14 бүйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18328 болып тіркелген, 2019 жылғы 4 наурызда "Әділет" нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бүйрықпен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну қағидалары:

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Төтенше жағдай енгізілген кезде осы Қағидаларда көрсетілген талаптарды орындау мерзімі тоқтатыла түрады және төтенше жағдайдың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін құнтізбелік отыз күн өткен соң қайта жаңартылады.

Төтенше жағдайдың қолданылуы кезеңінде қажет болған жағдайда, бекіту органының шешімі негізінде ұйымның даму жоспарын нақтылау жүзеге асырылады және ұйымның атқарушы органының шешімімен даму жоспарына берілген қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемелеріне түзету жүргізіледі.

Бірыңғай оператор тізілім веб-порталында ұйымдардың нақтыланған жартыжылдық даму жоспарының көрсеткіштеріне және даму жоспарына берілген қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді".

2. Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

P. Даленов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК